

Қазақ руханиятының жанашыры, қоғам және мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтың туғанына 93 жыл толуына орай «Ұлт қайраткері – ұрпақ жадында» атты іс-шара өтті

Іс-шараға қатысқан қонақтар алдымен Өзбекәлі Жәнібеков ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Бұдан кейін «Қазақстан» мәжіліс залында өткен келелі басқосуда ұлы Бауыржан Өзбекәліұлы, келіні Гауһар Жұмасейітова, немересі, Өзбекәлі Жәнібек қорының президенті Әзел Бауыржанқызы естеліктер айтты. Ал, ұлт қайраткерінің замандастары мен жәнібековтанушылар Сайлаукүл Барақова, жазушы ғалым Құлбек Ергөбек жақсының асыл қасиеттерін естелікпен жаңғыртып, Ө.Жәнібековтың тұлғатану дәуірі енді басталғанын айтты.









